

**Кәсіподақтың Түркістан облыстық ұйымының
әлеуметтік әріптестікті дамыту және әлеуметтік-еңбек құқықтарын
қорғау жөніндегі жұмысы туралы
АҚПАРАТ**

Заманауи талаптарды ескере отырып, әлеуметтік әріптестікті дамытудағы және қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғаудағы кәсіподақ ұйымдарының рөлі мен қызметін арттыру Түркістан облыстық ұйымы мен оның филиалдарының, бастауыш ұйымдарының қызметіндегі маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Белгілі чех экономисі О.Шик «Әлеуметтік әріптестік келісімге немесе, керісінше, тайталасқа әкелмеуі тиіс. Ол нақты жағдайда тараптардың мүдделерін қанағаттандыра алатын бағдар мен уағдаластыққа келісіп, ұйымда, аумақта, салада және жалпы елде әлеуметтік әлем орната алатын бітімшілікке қол жеткізуі тиіс» деген екен.

Әлеуметтік әріптестікті дамыту қызметкерлердің еңбек құқықтарын тиімді қорғаудың кепілі екені сөзсіз.

Білім саласы қызметкерлерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын нақты қорғау механизмін айқындайтын негізге алынатын құжаттар: білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайын, жұмыспен қамту және әлеуметтік кепілдіктерді салалық деңгейде белгілеу жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісім, «Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы» ММ және «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Түркістан облыстық ұйымы» ҚБ арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Келісім, сондай-ақ білім беру ұйымдарының ұжымдық шарттары.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Түркістан облыстық ұйымы» ҚБ құрылтай конференциясының шешімімен 2020 жылғы 10 қарашада құрылды.

ҚР Еңбек кодексімен белгіленген келіссөздер жүргізу, келісімдер әзірлеу және жасау тәртібін қадағалай отырып, 2021 жылғы 20 қаңтарда «Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы» ММ және «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Түркістан облыстық ұйымы» ҚБ арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы аймақтық Келісім жасалды.

ҚР Еңбек кодексінің 151-бабы 2-т. сәйкес Келісім ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде 2021 жылғы 27 қаңтарда №187 тіркелді (*Келісім көшірмесі Салалық кәсіподаққа берілді*).

Келісіммен қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсартуға, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғаудың қосымша параметрлерін қалыптастыруға бағытталған тараптардың міндеттемелері айқындалды.

Әлеуметтік әріптестік туралы келісім жемісті және пайдалы ынтымақтастыққа бағытталған, онда төмендегі ережелер көзделген: жұмыс уақыты мен тынығу

уақытының, еңбек демалысының ұзақтығы; таза және қауіпсіз еңбек, тұрмыс жағдайын жасау; ауыр жұмыстағы, зиянды және қауіпті жұмыс жағдайындағы қызметкерлерге еңбекақы, үстеме ақы және қосымша ақы төлеу; кәсіподақ қызметі үшін жағдай жасау; қызметкерлер мен жұмыс берушілердің Келісімді орындауға жауапкершілігі және бақылау.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Түркістан облыстық ұйымы» ҚБ 2021 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша біріктіреді:

- филиал мәртебесіндегі қалалық ұйым – **2**;
- аудандық ұйым - **11**;
- жергілікті кәсіподақ ұйымы – **3**;
- облыстық комитет құрылымына кіретін бастауыш кәсіподақ ұйымы –

128;

Еңбек ұжымдарында құрылған кәсіподақ ұйымдары:

- орта білім беру ұйымдары – **65**;
- мектепке дейінгі мекемелер - **50**;
- ТжКБ, сондай-ақ өзге ұйымдара – **11**;
- ЖОО - **1**.

Қалыптасу кезіндегі жұмыстың негізгі басымды бағыты қызметкерлерді кәсіподақ мүшелігіне тарту және үлкен аумақтарды кәсіподақ ықпалымен қамту болып табылады, осы мақсатта облыстағы білім саласының түрлі ұйымдарының еңбек ұжымдарында 100-ден астам кездесулер өткізілді.

Кәсіподақтың мақсатты бағытталған ынталандыру жұмысының нәтижесінде, кәсіподақ қызмет ететін ұйымдардағы жұмыс жасаушылардың жалпы саны 15000 адам жобасын құрады.

Облыстық кәсіподақ комитетінің есебіндегі бастауыш кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақтың Салалық Кеңесімен дайындалған әдістемелік нұсқаулықтар мен макеттер негізінде әзірленген 109 ұжымдық шарт жасалған. Аталған бағыттағы жұмыс бастауыш кәсіподақ ұйымдары санының көбеюіне орай жалғасады.

Облыстық кәсіподақ комитетінің қызметіндегі басымды бағыттардың бірі әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі жұмыс болып табылады. Бұл бағытта келісім тараптары мүдделерінің келісуінің неғұрлым тиімді нысандарын іздеу жүргізіледі.

Есеп беру мерзімінде Келісімді орындау үшін кәсіподақ қызметкерлері білім басқармасы органдарының қызметкерлерімен бірлесіп еңбек заңнамасы, жалақы, еңбек қатынастарын ресімдеу мәселелері бойынша кадрлық қызмет басшылары, қызметкерлері үшін көптеген кеңес берулер өткізді.

Сала қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын арттыру үшін кәсіподақтың Салалық кеңесімен бірлесіп, еңбек ұжымдарымен 7 оқыту семинары, 12 кездесу өткізілді (*соның ішінде ZOOM платформасы арқылы*).

Облыстық ұйым құқықтық мәселелер бойынша 142 арыз бен өтініштерді қарады, оның ішінде 120 әлеуметтік желілер арқылы түскен.

Жазбаша өтініштер Кәсіподақтың Атқару комитетімен бекітілген заңды және жеке тұлғалар өтініштерін қарау тәртібі туралы Нұсқаулықпен көзделген мерзімде орындалды.

Шаралар қабылдау үшін жіберілген өтініштер: құқық қорғау органдарына - 2; Түркістан облысының Еңбек инспекциясы басқармасына – 3; Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасына – 2; Түркістан облысы ішкі аудиторлық тексеру Департаментіне– 1.

Заңсыз жұмыстан шығарудың 2 жағдайына жол берілмеді; адами әлеуетті дамыту бөлімінің келісу комиссиясының қарауында 1 өтініш бар.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық және медициналық қызметкерлеріне отын және коммуналдық қызметі шығындарына өтемақыны жергілікті атқарушы органдардың тағайындауы жөнінде кәсіподақ ұйымдарының бірнеше мәрте талаптары нәтижесінде Кентау ауданы бойынша 3 АЕК мөлшерінде, 2022 жылдан бастап – 5 АЕК мөлшерінде аталған өтемақы төлеу туралы келісімге қол жеткізілді.

Сауран ауданы бойынша аталған бағытта жұмыс жүргізілуде.

Облыстың кәсіподақ ұйымдары Келісімге және ұжымдық шарттарға сәйкес кәсіподақ мүшелерін сауықтыру және демалту мәселесіне тұрақты назар аударады.

2021 жылы 187 кәсіподақ мүшесі облыстың және республиканың сауықтыру шипажайларына жіберілді.

Кәсіподақ мүшелері үшін дене шынықтыру-сауықтыру шараларына үнемі көңіл бөлінеді. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында облыстық, сондай-ақ республикалық деңгейлерде спартакиадалар жүргізіліп, білім беру ұйымдарында қызметкерлер арасында достық қатынасты нығайтуға және дамытуға септігін тигізеді.